

**Қазақ тілі оқытушысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"**

Топ: **«Балапан»** ортағы топ

Балалардың жасы: **3-4 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none">- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету;- түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу;- дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік корды байыту. <p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сипайы сөйлеу әдебін сактауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тындау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p>

Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт тұліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.

Байланыстырып сөйлеу.

Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әнгімелесе білуге баулу.

Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.

Таныс ертеғілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.